

FTAMP 06.77

ӘОЖ 331

JEL J01

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2025-1-4-84-97>

АБДИЛЬДИНОВА Н.Е.,*¹

PhD, ассистент-профессор.

*e-mail: nailya_abdildinova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6486-3281

АЙДАРХАНОВА Б.Б.,²

Э.ғ.к., ассистент-профессор.

e-mail: aidarkhanova.bb@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-8140-7475

ШМАРЛОВСКАЯ Г.А.,³

Э.ғ.д., профессор.

e-mail: galina.shmarlovskaya@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-9534-1251

МУКАНОВА М.А.,⁴

докторант.

e-mail: mukanova456@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-3347-1744

¹Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология

және бизнес университеті,

Астана қ., Қазақстан

²Astana IT университеті,

Астана қ., Қазақстан

³Беларусь мемлекеттік

экономикалық университеті,

Минск қ., Беларусь

³Esil University,

Астана қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК: ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ САЯСАТЫН ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТТАРЫ

Андатпа

Бұл мақала Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту арқылы халықты жұмыспен қамту саясатының тиімділігін арттыру мәселелеріне арналған. Онда еңбек нарығындағы жұмыспен қамту мен жұмыссыздықтың динамикасы сипатталып, әлеуметтік кәсіпкерліктің қазіргі даму деңгейі мен оның жұмыспен қамтуға ықпалы мазмұнды түрде талданады. Зерттеуде әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің қызмет салалары және олардың өңірлер бойынша орналасуы көрсетіледі. Сонымен қатар, Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің даму үрдістері халықаралық тәжірибемен салыстырыла талданып, мемлекеттік реттеу, қаржылық қолдау, салықтық жеңілдіктер және цифрлық қолдау тетіктеріндегі олқылықтар айқындалды. Зерттеудің эмпирикалық негізі ретінде 2023–2025 жж. аралығындағы әлеуметтік жобалар, өңірлік бағдарламалар және ашық ресми деректер құрайды. Зерттеуде әлеуметтік кәсіпкерліктің еңбек нарығымен өзара байланысы үш негізгі бағыт бойынша қарастырылады: жаңа жұмыс орындарын құру, мүгедектігі бар азаматтар мен әлеуметтік осал топтарды тарту арқылы инклюзивтілікті кеңейту, сондай-ақ жұмыс орындарының тұрақтылығын арттыру. Зерттеу нәтижелері негізінде жұмыспен қамтуды күшейтуге бағытталған бірқатар шаралар ұсынылады. Атап айтқанда: жұмыс орындарын сақтау шартымен еңбекақыны шартты түрде субсидиялау; әлеуметтік кәсіпорындар реестрі негізінде ашық деректер форматындағы аналитикалық панель әзірлеп, оны eGov порталы мен еңбек нарығының ақпараттық жүйелерімен интеграциялау; өңірлік деңгейде «бір терезе» қағидаты бойынша әлеуметтік инновациялық орталықтар құру; оқыту ваучерлері мен дуалды-тәлімгерлік білім беру бағдарламаларын енгізу ұсынылады. Ұсынымдар жұмыспен қамтуды арттыруға, осал топтардың еңбек нарығына кіруін жеңілдетуге және жұмыс орындарының тұрақтылығын күшейтуге бағытталған. Зерттеу нәтижелері саясатты дерекке негіздеуді күшейтуге мүмкіндік береді және ұлттық деңгейде тиімді болып табылады.

Тірек сөздер: әлеуметтік кәсіпкерлік, еңбек нарығы, жұмыс күші, жұмыспен қамту, жұмыссыздық деңгейі, кәсіпкерлік экожүйе, мемлекеттік реттеу, қаржылық қолдау.

Кіріспе

Әлеуметтік кәсіпкерлік қазіргі қоғамда әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудің тиімді механизміне айналып келеді. Ол халықтың түрлі топтарын еңбек нарығына тарту, тұрақты жұмыс орындарын құру және әлеуметтік миссияларды жүзеге асырудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. Әлеуметтік кәсіпкерлік дәстүрлі бизнестің қағидаларын пайдалана отырып, қоғамдық пайдалы мақсаттарды көздейді.

Жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, табыс теңсіздігі және әлеуметтік осал топтар үшін еңбек нарығындағы шектеулі мүмкіндіктер әлеуметтік кәсіпкерліктің маңыздылығын арттырады. Бұл сала тек жұмыспен қамту көрсеткіштерін жақсартып қана қоймай, әділетті еңбек нарығын қалыптастыруға да ықпал етеді. Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті жан-жақты зерттеу және оның еңбек нарығына ықпалын бағалау аса өзекті болып отыр.

Зерттеулерде экономиканы әлеуметтендіруді халықтың лайықты тұрмысын қамтамасыз етудің тетігі ретінде сипатталады. Оған сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлік экономикалық әлеуетті әлеуметтік міндеттерді шешуге бағыттайтын маңызды механизм.

Әлеуметтік кәсіпкерлік 1992 ж. Рио-де-Жанейрода БҰҰ жариялап, 1994 ж. күшіне енген тұрақты даму идеясымен тығыз байланысты. Бұл тұжырымдамада экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерді қамтиды.

Бүгін де Батыс әлемінде, оның ішінде Еуропа, АҚШ, Канада және Австралияда әлеуметтік кәсіпкерлік өзінің маңыздылығын үкіметтер мен қоғам алдында дәлелдеу кезеңінен өтті. Барлық елдерде әлеуметтік кәсіпкерлікке ресми мәртебе берілген, оны тану рәсімдері заң жүзінде бекітілген ұйымдық нысандары мен әлеуметтік кәсіпорындардың тізілімдері бар. Бұл әлеуметтік кәсіпорындарға экономикалық өмірге белсенді араласуға, мемлекеттік қолдау мен қаржыландыру алуға мүмкіндік береді. Алайда әрбір елде әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуына тән өз ерекшеліктері бар.

Еуропада әлеуметтік кәсіпкерлік әлеуметтік мемлекеттің дәстүрлеріне сүйене отырып дамуда. Азаматтар қоғамдағы шешімін табуы қажет мәселелерді көре алады, себебі әр ел азаматы бірдей жақсы жағдайда өмір сүріп жатқан жоқ, бұл экономикалық дағдарыстан кейін байқалған. Әлеуметтік жобалар, ұзақ уақыт жұмыссыз жүрген азаматтарды, білімі төмен адамдарды, мүгедектерді жұмыспен қамтуға және мигранттарды өндірістік қызметке интеграциялауға бағытталған.

Ал Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлік 1990 жж. қалыптаса бастады, ал 2021 ж. алғаш рет заңнамалық деңгейде оның ұғымы мен мәртебесі ресми түрде бекітілді [1]. Дегенмен, әлеуметтік кәсіпкерліктің жұмыспен қамту саясатына ықпалын терең қарастыратын кешенді зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Осы зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің қазіргі жағдайын талдау, оның еңбек нарығына әсерін бағалау және мемлекеттік саясатты жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу. Сондай-ақ, Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлердің тізілімін құрылу қолға алынған. Бұл тізімге «әлеуметтік кәсіпорын» мәртебесін алған шағын және орта бизнес субъектілері енгізілген. Бұл өз кезегінде республикалық және өңірлік билік органдарынан қаржылық және қаржылық емес қолдаудың әртүрлі түрлерін алуға мүмкіндік береді. Республикалық деңгейдегі қолдау шараларына – субсидиялар, гранттар, сондай ақ жеңілдетілген несиелеу қолдаулары жатады. Ал өңірлік деңгейде – бұл ғимараттарды жеңілдетілген шарттармен жалға беру, салық мөлшерлемесін төмендету мүмкіндіктері жатқызылады. Қаржылық емес қолдау аясында әлеуметтік кәсіпорындар үшін акселераторлар, жеке консультациялар және менторлық сүйемелдеу ұйымдастырылады.

Осыған орай, Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің еңбек нарығына ықпалын бағалауға және оны дамыту арқылы халықтың жұмыспен қамтылуын арттыруға бағытталған мемлекеттік саясатты жетілдіруге негіз болды. Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің дамуы жұмыспен қамту деңгейінің артуына, әлеуметтік осал топтардың еңбек нарығына тартылуына және экономикалық белсенділіктің өсуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау тетіктерінің жетілмеуі, қаржыландыру көздерінің шектеулілігі және цифрландырудың төмен деңгейі бұл процестің баяулауына алып келуі мүмкін.

Әдеби деректерді талдау көрсеткендей, әлеуметтік кәсіпкерлік тек экономикалық дамуға ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік мәселелерді шешудің және әлеуметтік

құндылықтарды қалыптастырудың маңызды тәсілі болып табылады [2]. Белгілі бір мағынада, әлеуметтік кәсіпкер – әлеуметтік миссияны жүзеге асырудың жаңа мүмкіндіктерін іздеумен айналысатын тұлға [3].

Әлеуметтік кәсіпкерлік әлеуметтік және экономикалық миссияларға назар аудара отырып, тұрақты, қайырымдылыққа негізделген және инновациялық сипатқа ие [4]. Кейбір зерттеулерде әлеуметтік кәсіпорындар әлеуметтік миссияны қаржылық пайда табуға деген ұмтылыспен ұштастыратын кәсіпкерлік модель ретінде қарастырылады [5].

Сонымен қатар, әлеуметтік кәсіпорындар тұрақты даму үрдісінде маңызды рөл атқара отырып, БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға, атап айтқанда: кедейлікті жою, сапалы біліммен қамтамасыз ету, теңсіздікті азайту, жұмыспен қамтуды арттыру және климаттың өзгеруімен күресуге елеулі үлес қосатын тиімді құрал болып табылады [6].

Әлеуметтік кәсіпорындардың әлеуметтік жауапкершілік деңгейінің жоғары болуымен ерекшеленіп, тұрақты дамуға ұмтылады. Олар әлеуметтік осал топтарды қолдау, қоршаған ортаны қорғау және қоғамдағы инклюзияны арттыру сияқты міндеттерді шешуге үлес қосады [7].

Әлеуметтік кәсіпорындар – бұл әлеуметтік және экологиялық құндылықтарды арттыруға бағытталған, тәуелсіз және өзін-өзі қамтамасыз ететін ұйымдар [8].

Бұл кәсіпкерліктің жаңа гибридті түрі ретінде қоғамның игілігі үшін ақшалай пайда табу мен өзін-өзі қаржыландыруды үйлестіреді [9].

Әлеуметтік инновацияларды ілгерілету, әлеуметтік құндылықтарды қалыптастыру және осал топтардың экономикалық белсенділігін арттыру – әлеуметтік кәсіпкерліктің негізгі даму бағыттары болып табылады [10].

Зерттеулер әлеуметтік кәсіпкерлік қызметінің үш негізгі аспектісін қамтиды: инновациялық стратегиялар, әлеуметтік және экономикалық құндылықтарды қалыптастыру және әлеуметтік әсерді тарату механизмдері [11]. Әлеуметтік кәсіпкерлердің бизнес модельдері мен стратегияларын зерттеу олардың коммерциялық кәсіпкерліктен ерекшелігін көрсетеді және олардың әлеуметтік миссияларға бейімділігін сипаттайды [12].

Соңғы зерттеулерде әлеуметтік кәсіпкерліктің жүйелік және тұрақты даму жолдарын қамтамасыз ету механизмдері ерекше назарға алынуда [13,14]. Бұл ретте әлеуметтік кәсіпкерлікке қатысты зерттеулердің әртүрлілігі мен орталықсыздандырылуы оның бірізді ғылыми-теориялық жүйесін қалыптастырудағы негізгі қиындықтардың бірі ретінде қарастырылуда.

Әлеуметтік кәсіпкерлік қоғамдағы әлеуметтік осал топтар үшін тұрақты жұмыс орындарын құруға, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге және экономикалық дамуға ықпал етеді. Осыған байланысты, болашақ зерттеулерде әлеуметтік кәсіпкерліктің мемлекеттік саясатпен өзара байланысы, оның қаржыландыру тетіктері мен тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері тереңірек зерттелуі тиіс.

Осылайша, әлеуметтік кәсіпкерлік еңбек нарығының тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Бұл зерттеу оның Қазақстандағы даму әлеуетін жан-жақты қарастырып, мемлекеттік саясатты жетілдіру жолдарын анықтауға бағытталған.

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеудің әдіснамалық негізін Қазақстандағы еңбек нарығы және әлеуметтік кәсіпкерлік мәселелеріне арналған ғалымдардың ғылыми еңбектері мен зерттеулері құрады. Зерттеу барысында әлеуметтік кәсіпкерліктің еңбек нарығына әсерін бағалау үшін сандық және сапалық талдау әдістері қолданылды.

Ақпараттық база ретінде ҚР нормативтік құқықтық актілері, Қазақстанның Ұлттық статистикалық бюросының статистикалық деректері, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың веб-сайттарындағы жарияланымдар мен басқа да ашық ақпарат көздері пайдаланылды. Сонымен қатар, авторлар зерттеу барысында статистикалық-экономикалық, ғылыми талдау және салыстыру әдістерін қолданды.

Осылайша, әлеуметтік кәсіпкерлік еңбек нарығының тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Бұл зерттеу оның Қазақстандағы даму әлеуетін жан-жақты қарастырып, мемлекеттік саясатты жетілдіру жолдарын анықтауға бағытталған.

Нәтижелер мен талқылау

Елімізде әлеуметтік кәсіпкерлік жаңа бағыт болғанымен, оның маңыздылығы артып келеді. Теориялық және практикалық негіздері әлі де қалыптасу сатысында болғанына қарамастан, бұл тақырыпқа мемлекет, бизнес, ғылыми қауымдастық және кәсіпкерлер тарапынан қызығушылық үнемі өсуде. Мемлекеттік қолдау аясында әлеуметтік осал топтардың кәсіпкерлік бастамаларын дамытуға бағытталған түрлі шаралар жүзеге асырылуда.

Кесте 1 – 2020–2024 жж. аралығындағы еңбек нарығының жағдайы

жылдар	Жұмыс күші, мың адам	Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	Жұмыссыз халық, мың адам	Жұмыс күші құрамына кірмейтін халық, мың адам	Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен
2020	9 180,8	8 732,0	448,8	4 076,8	4,9
2021	9 256,8	8 807,1	449,6	4 093,3	4,9
2022	9 429,8	8 971,5	458,3	4 301,4	4,9
2023	9 534,1	9 081,9	452,2	4 393,5	4,7
2024	9 645,3	9 197,0	448,3	4 503,4	4,6
2024/ 2020, %	105	105,3	99,9	110,5	93,9
Ескертпе: Авторлармен [15] дереккөз негізінде құрастырылған.					

Жұмыс күші 4,9%-ға өсіп, 2020 жылғы 9,18 млн адамнан 2024 ж. 9,64 млн адамға жетті. Жұмыспен қамтылған халық саны 5,3%-ға артуы елдегі жұмыспен қамту деңгейінің жақсарғанын көрсетеді. Сонымен қатар, жұмыссыздық деңгейі 2020–2022 жж. 4,9%-ды құраса, 2024 ж. 4,6%-ға дейін төмендеген. Алайда жұмыссыздар саны 448–458 мың адам аралығында тұрақты сақталуда, бұл еңбек нарығын жақсарту үшін қосымша қолдау шараларын әзірлеу қажеттігін көрсетеді.

Жұмыс күші құрамына кірмейтін халыққа бала күтімімен айналысатын әйелдер, еңбекке қабілетті жастағы мүгедектігі бар адамдар, зейнеткерлік жасқа жеткенімен жұмысын жалғастыруды қалайтын азаматтар, бұрынғы әскери қызметкерлер, бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан тұлғалар, балалар үйінің түлектері және экономикалық белсенді емес өзге де азаматтар жатады [16].

Кестеде көрсетілгендей, жұмыс күші құрамына кірмейтін халықтың саны 2020 ж. 4 076,8 мың адамды құраса, 2024 ж. 4 503,4 мың адамға дейін өскен. Бұл санаттағы адамдар еңбек етуге қабілетті немесе ынталы болғанымен, еңбек нарығына толыққанды қатысу мүмкіндігі шектеулі.

Жұмыс күші құрамына кірмейтін халықты еңбек нарығына тарту үшін келесі шараларды жүзеге асыру қажет:

- ♦ колжетімді инфрақұрылымды дамыту және қашықтан жұмыс істеу мүмкіндіктерін кеңейту;
- ♦ кәсіптік білім беру мекемелері түлектерінің тағылымдамаларын субсидиялау;
- ♦ әлеуметтік кәсіпкерлік сияқты кәсіпкерліктің жаңа ұйымдастырушылық модельдерін енгізу;
- ♦ халықтың өзін-өзі жұмыспен қамту мүмкіндіктерін дамыту.

Бұл бағыттарды жүзеге асыру, ең алдымен, жұмыспен қамту бойынша мемлекеттік бағдарламаларды іске асыратын жұмыспен қамту орталықтарының міндетіне кіреді. Әлемдік тәжірибеде еңбек нарығына тартылмаған халықтың санын азайту тәсілдерінің бірі ретінде әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту маңызды құрал болып саналады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша мүгедектігі бар 724 982 адам тіркелген. Оның ішінде еңбекке қабілетті адамдар саны – 420,3 мың адамды (58%) құрайды. Алайда олардың тек 135,9 мыңы (32%) ғана ресми түрде жұмыспен қамтылған, негізінен сауда және қызмет көрсету салаларында еңбек етеді. Осы сипаттағы институционалдық кедергілер – мүгедектігі бар азаматтардың жұмысқа қабылдаудағы тосқауылдар, жасырын жұмыссыздық және орташа жалақы мен нақты табыс арасындағы алшақтық сипатталады [17].

Қазақстандағы жалпы жұмыспен қамтылған халық саны 9 645,3 мың адамды құрайды, соның ішінде мүгедектігі бар азаматтардың жұмыспен қамтылғандар арасындағы үлесі небәрі 1,41%-ды құрайды [15]. Осыны ескере отырып, олардың еңбек нарығына интеграциясын арттыру мақсатында мемлекет тарапынан бірқатар қолдау шаралары жүзеге асырылуда.


Ең алдымен, бос жұмыс орындарына орналастыру бойынша делдалдық қызметтер көрсетіледі. Бұл қызметтер мүгедектігі бар азаматтардың қажеттілігіне сәйкес келетін жұмыс орындарын табуға көмектеседі және олардың жұмысқа орналасу үдерісін жеңілдетеді. Сонымен қатар, арнайы жұмыс орындары құрылады, бұл ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін жұмыс жағдайларын бейімдеуге мүмкіндік береді. Мемлекет жұмыс орындарының жалпы санының 2–4%-на квота белгілеу арқылы мүгедектігі бар азаматтардың еңбек нарығына қатысуын ынталандырады.

Мүгедектігі бар адамдардың кәсіби бағдарын жетілдіру мақсатында «Кәсіптер атласы» әзірленген, ол 400-ден астам мамандықты қамтиды. Бұл атлас олардың еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды игеруіне мүмкіндік береді және болашақ жұмысқа орналасу әлеуетін арттырады.

Сондай-ақ, арнайы жабдықталған жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілерге мемлекеттік субсидиялар бөлінеді. Бұл бастама инклюзивті жұмыс орындарының санын арттырып, жұмыс берушілерді мүгедектігі бар азаматтарды жұмысқа тартуға ынталандырады. Қосымша қолдау шарасы ретінде жалақыны субсидиялау механизмі енгізілген, бұл жұмыс берушілердің ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа алуына қаржылық тұрғыдан көмек береді.

Жоғарыда аталған шаралар әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға және мүгедектігі бар азаматтарды еңбек нарығына интеграциялауға оң ықпал етеді. Осы контексте әлеуметтік кәсіпкерлік еңбек нарығына үш бағытпен әсер етеді: жаңа жұмыс орындарын ашу, осал топтарды еңбек қызметіне тарту арқылы инклюзияны кеңейту және жұмыс орындарының тұрақтылығын арттыру. Бұл ықпалдың институционалдық негізі 2021 ж. заңның қабылдануы және 2023 жылғы №219 бұйрықпен реестрдің қалыптасуымен нығайтылды [1, 17].

2023 ж. елде небәрі – 166 әлеуметтік кәсіпкерлік тіркелсе, 2024 жылдың соғына қарай олардың саны 800-ден асты. Ал 2025 жылғы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің деректеріне сәйкес, елде 973 әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. 2025 жылғы жағдай бойынша Қазақстан аймақтары бойынша әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің саны 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1 – 2025 жылғы аймақтар бөлінісіндегі әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің саны

Ескертпе: Авторлармен [18] дереккөз негізінде құрастырылған.

1-суреттің деректеріне сәйкес, Қазақстан бойынша әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің саны аймақтар арасында едәуір айырмашылықтар байқалады. Ең жоғарғы көрсеткіш Астана қаласында тіркелген – 219 субъект, бұл елордада әлеуметтік кәсіпкерлікке қолайлы инфрақұрылым, мемлекеттік және донорлық бағдарламалардың кең қамтылуымен түсіндіріледі. Алматы қаласы (119) мен Алматы облысында (72) да жоғарғы көрсеткішке ие, бұл ірі қалаларда әлеуметтік инновацияларға сұраныстың артуымен байланысты.

Керісінше, Жетісу (7), Солтүстік Қазақстан (13), Түркістан (15) облыстары сияқты кейбір өңірлерде әлеуметтік кәсіпкерлер саны айтарлықтай төмен. Бұл жағдай осы аймақтарда әлеуметтік кәсіпкерлік туралы ақпараттанудың жеткіліксіздігімен немесе институционалдық қолдаудың әлсіздігімен байланысты болуы мүмкін.

Батыс Қазақстан облысы (93), Ақмола (56) Қостанай (47) және Маңғыстау облыстары (46) – аймақтық деңгейде белсенді әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері шоғырланған өңірлер қатарына жатады. Бұл өңірлерде мемлекеттік гранттар, жергілікті әкімдіктердің бастамалары мен әлеуметтік жобалар арқылы қолдау тетіктері іске асырылып жатқаны байқалады. Жалпы алғанда, аймақтық теңгерімсіздік әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуда аймаққа бейімделген қолдау саясатын қажет екенін көрсетеді. Төмен көрсеткіш тіркелген аймақтарда ақпараттық кампаниялар, оқыту бағдарламалары мен қаржылай ынталандару құралдарын іске қосу өзекті болып отыр.

Әлеуметтік кәсіпкерлік ірі қалаларда белсенді дамып жатқанымен, өңірлердегі әлеуеті жоғары күйінде қалып отыр. 2025 ж. Қазақстанның өңірлерінде әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің ауылдық жерлерде таралуы біркелкі емес, жалпы тіркелген кәсіпорындардың тек 13% ғана ауылдық елді-мекендерде орналасқан. Статистикалық деректерге сүйенсек, ауылдық аймақтарда ең көп әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері Алматы облысында – 46, Маңғыстау облысында – 16 және Ақмола облысында – 11 шоғырланған. Бұл өңірлерде әлеуметтік кәсіпкерлік саласының даму деңгейі салыстырмалы түрде жоғары екенін көрсетеді. Мұндай белсенділік бірнеше факторларға байланысты: мемлекеттік гранттар мен қолдау бағдарламаларының тиімді іске асуымен сипатталады.


Орташа деңгейде даму көрсеткіші бар өңірлер қатарына Батыс Қазақстанда – 9, Қызылорда – 9, Қостанайда – 7, Түркістанда – 7 Атырауда – 5, Жамбыл – 5 облыстарының ауылдық жерлерінде әлеуметтік субъектілері бар. Бұл ауылдық аймақтарда әлеуметтік кәсіпкерлердің дамуына тежеу салатын факторлар: ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының жеткіліксіздігі мен қаржыландыру көздерінің қолжетімсіздігімен сипатталады.

Ауылдық жерлерде әлеуметтік кәсіпкерліктің ең төмен деңгейі Қарағанды мен Ақтөбеде – 1, Абай және Ұлытауда – 2 әлеуметтік кәсіпкерліктен тіркелген. Бұл өңірлерде әлеуметтік кәсіпкерлік идеясының әлі де кең таралмағанын көрсетеді.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері ауылдық жерлерде негізінен мектепке дейін білім беру, денсаулық сақтау, мәдени және спорттық білім беру, демалыс пен сауықтыру қызметтері, дайын тоқыма және нан-тоқаш өнімдерін өндіру сияқты қызмет бағыттарында жұмыс істейді.

Жалпы ауылдық жерлердегі әлеуметтік кәсіпкерлердің географиясы өңірлік ерекшеліктер мен қолдау шараларына тікелей байланысты. Бұл шаралар әлеуметтік кәсіпорындардың мүмкіндіктерін кеңейтіп, Қазақстандағы жұмыспен қамту деңгейін арттыруға және еңбек нарығының теңгерімді дамуына ықпал етеді. Сол сияқты тек жұмыс пен біліктілік беріп қана қоймай, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, өзін-өзі реттеу, әлеуметтік дағдылар сияқты қабілеттерді де дамытуға көмектеседі. Осындай кәсіпорындардың рөлі әсіресе пандемиядан кейін жаңа экономикалық жағдайда айрықша маңызды болып отыр.


Әлеуметтік кәсіпорындардың көпшілігі «Басқалары» санатына кіреді – 539 кәсіпорын, бұл аралас бизнес үлгілерінің кең таралғанын көрсетеді. Білім беру саласында 274 кәсіпорын жұмыс істейді, бұл әлеуметтік кәсіпкерлік аясында білім беру қызметтеріне жоғары сұраныстың бар екенін дәлелдейді. Денсаулық сақтау саласында 50 кәсіпорын тіркелген, бұл қолжетімді медициналық қызметтерге деген қажеттіліктің жоғары екенін айқындайды. Әлеуметтік қызметтер секторында 37 кәсіпорын жұмыс істейді, бұл сегмент дамып келе жатқанымен, әлі де жеткілікті деңгейде қамтылмағанын көрсетеді. Ауыл шаруашылығы саласы әлеуметтік кәсіпкерлер арасында сұранысқа ие емес, себебі бұл салада бар болғаны 6 кәсіпорын ғана тіркелген. Сондай-ақ, өндіріс саласындағы кәсіпорындар саны небәрі 12-ні құрайды, бұл әлеуметтік экономикадағы өндірістік сектордың жеткіліксіз дамығанын көрсетеді [14].



Сурет 2 – Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісінің қызмет саласы бойынша саны

Ескертпе: [17] дереккөз негізінде құрастырылған.

Әлеуметтік кәсіпкерлік саласының дамуы көп жақты өзара әрекеттестікке негізделген. Бұл жүйеде мемлекеттік органдармен қатар, үкіметтік емес ұйымдар, білім беру мекемелері, донорлар, отбасы және әлеуетті клиенттер белсенді рөл атқарады (3-сурет).



Сурет 3 – Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға ықпал ететін қолдау жүйесінің негізгі қатысушылары мен мемлекеттік реттеу тетіктері

Ескертпе: Авторлардың талдауы негізінде құрастырылған.

Суретте әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға ықпал ететін қолдау жүйесінің құрылымы мен оның негізгі қатысушылары көрсетілген. Бұл жүйеде мемлекеттің рөлі ерекше маңызға ие болып, заңнамалық реттеу, қаржылық қолдау және инфрақұрылыммен қамтамасыз ету арқылы көрініс табады. Сонымен қатар, үкіметтік емес ұйымдар, білім беру мекемелері, донорлық қорлар мен азаматтық қоғам өкілдері әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін қалыптастыру мен қолдауда маңызды рөл атқарады. Мұндай көпқырлы қолдау тетіктерінің үйлесімділігі әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің қазіргі жағдайын бағалау мақсатында 2-кестеде дамыған елдердегі әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау тәжірибесімен салыстырмалы талдау жүргізілді.

Кесте 2 – Әлеуметтік кәсіпкерлікті Қазақстан және дамыған елдер арасында салыстырмалы талдау

Ел	Мемлекеттік қолдау	Қаржыландыру және цифрландыру	Жұмыспен қамтуға әсері
АҚШ	Салықтық жеңілдіктер, гранттар (Social Innovation Fund, B Lab), акселераторлар.	Жыл сайын \$3,5 млрд әлеуметтік кәсіпорындарға инвестиция салынады (GEM 2024). Impact Investing кең таралған. Цифрландыру: AI, Big Data, blockchain бизнесте кең қолданылады.	Әлеуметтік кәсіпорындар миллиондаған жұмыс орнын қамтамасыз етеді.
Ұлыбритания	The Social Investment Business қолдау бағдарламалары. Мемлекет әлеуметтік кәсіпорындарға микро қаржыландыру ұсынады	£100 млн + инвестиция тұрақты әлеуметтік стартаптарға бөлінеді. Цифрландыру: Үкіметтік «Tech for Good» бастамасы әлеуметтік стартаптарға IT қолдау көрсетеді.	Әлеуметтік кәсіпорындар Ұлыбританияның жұмыс нарығында белсенді рөл атқарады.
Германия	Мемлекеттік субсидиялар, венчурлік қаржыландыру дамыған, заңнамалық қолдау күшті.	Кәсіпорындарға гранттық және венчурлік қолдау көрсетіледі. Цифрландыру: Индустрия 4.0 аясында әлеуметтік кәсіпорындарға автоматтандыру технологиялары қолжетімді.	Әлеуметтік кәсіпорындар ЖІӨ-нің 9% құрайды.
Финляндия	Инклюзивті жұмыспен қамту саясаты, салықтық жеңілдіктер, мүгедектерді жұмыспен орналастыру квоталары.	Жұмыс орындарын ашуға мемлекет қолдау көрсетеді. Цифрландыру: E-Social Enterprise платформасы әлеуметтік кәсіпорындар үшін арнайы жасалған.	ШОБ-тың 15% әлеуметтік кәсіпорындар қамтиды.
Қазақстан	2024 ж. елде 973 әлеуметтік кәсіпорын тіркелген, заңнамалық база әлі қалыптаспаған. Негізгі қолдау: «Даму», ЕНПФ жеңілдетілген кредиттер, жұмыс орындарын квоталау.	2,3 млрд теңге инвестиция 2023 ж. Әлеуметтік кәсіпорындарға бағытталған бағдарламалар бар, бірақ барлығына қолжетімді емес. Цифрландыру: eGov.kz арқылы мемлекеттік тіркеу жеңілдетілген, бірақ IT құралдарды қолдану төмен.	Қазақстанда әлеуметтік кәсіпорындар 12% жұмыс орнын қамтамасыз етеді. 420,3 мың мүгедектің тек 32% ғана жұмыспен қамтылған.
Ескертпе: Авторлармен [19] дереккөз негізінде құрастырылған.			

Кестеде ұсынылған талдау нәтижелері Қазақстанның әлеуметтік кәсіпкерлікті дамуын тежейтін негізгі кедергілерді айқындайды. Осыған байланысты құқықтық реттеу, қаржылық қолдау механизмдерін кеңейту, салықтық ынталандыру мен цифрландыруды күшейтуді талап етеді [20].

Мысалы, АҚШ, Ұлыбритания және Германияда әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған салықтық жеңілдіктер, гранттар, венчурлік қаржыландыру, цифрлық платформалар және мемлекеттік субсидиялар кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, Финляндияда мүгедектігі бар адамдардың жұмысқа орналасуын ынталандыру үшін арнайы квоталар белгіленіп, мемлекет тарапынан жұмыс орындарын құруға тікелей қолдау көрсетіледі.

Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау жүйесі әлі қалыптасу кезеңінде, 2024 ж. ел аумағында 973 әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Қолдаудың негізгі құралдары ретінде «Даму» қоры, Еңбек нарығының пилоттық бағдарламалары және жұмыс орындарын квоталау жүйесі қарастырылған. Алайда, мемлекеттік қаржыландыру көлемі шектеулі, ал цифрландыру құралдары толыққанды енгізілмеген. 2023 ж. 2,3 млрд теңге инвестиция тартылғанымен, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған кешенді шаралар әлі толық жүзеге асырылмаған.

Осы орайда, халықаралық озық тәжірибелерді ескере отырып, Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдаудың кешенді мемлекеттік саясатын жетілдіру қажеттілігі туындайды. Бұл шаралар саланың тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, әлеуметтік осал топтардың жұмыспен қамтылуын арттыруға ықпал етеді.

3-кестеде Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту және қолдау мақсатында ұсынылатын мемлекеттік шаралар көрсетілген.

Кесте 3 – Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудағы кедергілер және оларды шешу жолдары

Факторлар	АҚШ/Еуропа	Қазақстан
Мемлекеттік қолдау	Субсидиялар мен салықтық жеңілдіктердің дамыған тетіктері	Қалыптасу сатысында
Қаржыландыру	Impact Investing жоғары деңгейі	Инвестицияның жетіспеушілігі
Цифрландыру	AI және онлайн платформаларды енгізу	Бастапқы кезең
Осал топтарды жұмысқа орналастыру	Квоталау, салықтық ынталандыру	Ішінара реттеу
Ескертпе: Авторлардың талдауы негізінде құрастырылған.		

Кестеде салыстырмалы түрде АҚШ пен Еуропадағы дамыған қолдау тетіктері мен Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы негізгі кедергілер берілген. АҚШ пен Еуропада әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту үшін мемлекеттік субсидиялар, салықтық жеңілдіктер, венчурлік қаржыландыру, Impact Investing (әлеуметтік инвестициялар) және цифрлық платформаларды енгізу кеңінен қолданылады.

Дегенмен, Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлік әлі де қалыптасу кезеңінде болып табылады: құқықтық база толық жетілмеген, түсіндіру жұмыстары мен хабардарлық деңгейі төмен, құзыреттер жеткіліксіз, қаржыландыруға қолжетімділік шектеулі, сондай-ақ қолдау инфрақұрылымы мен цифрландыру деңгейі толық дамымағаны негізгі кедергілердің бірі ретінде қалып отыр [21].

Сонымен қатар, әлеуметтік осал топтарды жұмыспен қамтуға арналған ынталандыру шараларының жеткіліксіздігі де назар аударуды қажет етеді.

Кестеде көрсетілген мемлекеттік қолдау шараларын жүйелі түрде іске асыру келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- ◆ әлеуметтік кәсіпкерлік тиімділігінің артуы және оның тұрақты дамуы қамтамасыз етіледі;
- ◆ әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысатын бизнес үлесі ұлғаяды;
- ◆ мүгедектігі бар азаматтардың еңбек нарығына белсенді түрде қатысуына жағдай жасалады;
- ◆ жалпы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығына оң ықпал етеді.

Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлікті халықаралық озық тәжірибелер негізінде дамыту экономикалық өсімді ынталандырып қана қоймай, әлеуметтік әділеттілік пен тең мүмкіндіктер қағидаттарын нығайтуға ықпал етеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, әлеуметтік кәсіпкерлік Қазақстандағы халықтың әлеуметтік осал топтарының жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуде және олардың еңбек нарығындағы мүмкіндіктерін кеңейтуде маңызды құрал екені анықталды. Ағымдағы жағдайды талдау

нәтижесінде, еліміздің жалпы жұмыс күшіндегі мүгедектігі бар жұмыспен қамтылған азаматтардың үлесі небәрі 1,41%-ды құрайтыны анықталды. Бұл көрсеткіш аталған санаттағы адамдардың экономикалық және қоғамдық өмірге қатысу деңгейінің төмен екенін көрсетеді.

Аталған шектеулерді еңсеру мақсатында төмендегі жұмыспен қамтуға бағытталған саясаттық шаралар ұсынылады:

- ♦ Жұмыс орындарын сақтау шартымен еңбекақыны шартты субсидиялау. Әлеуметтік кәсіпорындар осал топқа жататын қызметкерлерді жұмысқа алған жағдайда, олардың еңбекақысының бір бөлігі өтеледі, яғни қызметкер 6–12 ай сақталған жағдайда қосымша бонус төленеді. Бұл тетік кадр тұрақтылығын арттырады.

- ♦ Әлеуметтік кәсіпорындар реестрінің ашық деректерге негізделген аналитикалық тақтасын қалыптастыру. Ресми тізілім деректері ашық форматта жарияланып, аймақ, қызмет түрі және жұмыспен қамту көрсеткіштері бойынша көрсетіледі. Бұл ресурс eGov және еңбек нарығы ақпараттық жүйелерімен ықпалдастыру саясатының дерекке негізделуіне көмектеседі.

- ♦ Аймақтық «бір терезе» әлеуметтік инновациялық орталықтары. Бұл орталықтарда құқықтық және қаржылық кеңес, бухгалтерлік сүйемелдеу, менторлық, грант пен несиеге өтінім дайындау қызметтері бір жерде ұсынылады. Аталған қызметтер жаңа жұмыс орындарын ашуды және бизнес өміршеңдігін күшейтеді.

- ♦ Оқыту ваучерлері мен дуалды-тәлімгерлер форматы. Әлеуметтік кәсіпорындармен бірлескен қысқа бағдарламалар арқылы жұмыссыздар мен мүгедектігі бар адамдарды жылдам дайындау, оқуды аяқтағандарды жұмысқа орналастыруға басымдық беру.

Осы зерттеу нәтижесінде, ұсынылған шараларды жүзеге асыру халықтың әлеуметтік осал топтарын еңбек нарығына белсенді тартуға, олардың өмір сапасын арттыруға, сондай-ақ елдің экономикалық өсімі мен әлеуметтік тұрақтылығын нығайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл зерттеу Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлік пен жұмыспен қамту саясатын одан әрі дамытуға арналған кешенді жұмыстарға негіз бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 24 маусымдағы № 52-VII ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2100000052> (өтініш берілген күн: 10.05.2025)
- 2 Stoffers J., Gunawan A., Kleefstra A. Social Entrepreneurship, an International Perspective // Open Journal of Social Sciences. 2018, no. 6, pp. 10–24.
- 3 Dees J. The Meaning of «Social Entrepreneurship». URL: http://www.caseatduke.org/documents/dees_se.pdf (accessed: 10.05.2025)
- 4 Saebi T., Foss N.J., Linder S. Social Entrepreneurship Research: Past Achievements and Future Promises // Journal of Management. 2019, no. 45, pp. 70–95.
- 5 Kruse P. Can There Only Be One? An Empirical Comparison of Four Models on Social Entrepreneurial Intention Formation // International Entrepreneurship and Management Journal. 2020, no. 16, pp. 641–665.
- 6 Организации Объединённых Наций. Цели устойчивого развития. URL: <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/sustainable-development-goals/> (дата обращения: 11.05.2025)
- 7 Stukalo N., Simakhova A., Shmarlouskaya H. Special features of formation of the source base for economic socialization // Problems and Perspectives in Management. 2019, no. 17(3), p. 271–279.
- 8 Hazenberg R. The Role of Social Enterprise in Developing Skills and Creating Employment Opportunities in the UK // State of the Art Review. 2021, no. 50. URL: <https://www.enterpriseresearch.ac.uk/wp-content/uploads/2021/04/No50-The-role-of-social-enterprise-in-developing-skills-and-creating-employment-opportunities-in-the-UK-R.-Hazenberg.pdf> (accessed: 11.05.2025)
- 9 Wang A., Cheok M.Y. A Literature Review of Social Entrepreneurship // Open Journal of Business and Management. 2023. pp. 2232–2246.
- 10 Huda M., Qodriah S.L., Rismayadi B., Hananto A., Kardiyati E.N., Ruskam A., Nasir B.M. Towards Cooperative with Competitive Alliance: Insights into Performance Value in Social Entrepreneurship. In N. Iyigun (Ed.), Creating Business Value and Competitive Advantage with Social Entrepreneurship. 2019, pp. 294–317.
- 11 Cherrier H., Goswami P., Ray S. Social Entrepreneurship: Creating Value in the Context of Institutional Complexity // Journal of Business Research. 2018, no. 86, pp. 245–258.
- 12 Dickel P., Eckardt G. Who Wants to Be a Social Entrepreneur? The Role of Gender and Sustainability Orientation // Journal of Small Business Management. 2020, no. 59(1), pp. 196–218.

- 13 Xu Z., Liu Z., Wu J. Buddhist Entrepreneurs, Charitable Behaviors, and Social Entrepreneurship // Evidence from China. *Small Business Economics*. 2022, no. 59, pp. 1197–1217.
- 14 Koehne F., Woodward R., Honig B. The Potentials and Perils of Prosocial Power: Transnational Social Entrepreneurship Dynamics in Vulnerable Social Spaces // *Journal of Business Venturing*. 2022, no. 37. URL: <https://doi.org/10.1016/j.jbusvent.2022.106206>
- 15 Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі ұлттық статистика бюросы. 2024. URL: <https://stat.gov.kz/publication/collections/?year=&name=102320&period=year> (өтініш берілген күн: 13.05.2025)
- 16 Гафарова Д.А. Социальное предпринимательство как инструмент обеспечения занятости пассивной части трудового потенциала // *Вестник Сибирского государственного индустриального университета*. – 2016. – № 1(15). – С. 59–64.
- 17 Беспалый С.В. Развитие социального предпринимательства в Казахстане: анализ и факторы // *Central Asian Economic Review*. 2021, no. 5, pp. 44–53. URL: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2021-5-44-53>
- 18 Приказ Министра национальной экономики Республики Казахстан от 8 октября 2023 года № 219 «О внесении изменений в приказ Министра национальной экономики Республики Казахстан от 1 февраля 2023 года № 40 «Об утверждении реестра субъектов социального предпринимательства» (дата обращения: 13.05.2025)
- 19 GEM 2024/2025 Global Report: Entrepreneurship Reality Check. URL: <https://gemconsortium.org/report/gem-20242025-global-report-entrepreneurship-reality-check-4> (accessed: 13.05.2025)
- 20 Окутаева С.Т. Особенности развития социального предпринимательства в Казахстане // *Вестник университета «Тұран»*. – 2023. – № 3. – С. 37–47.
- 21 Ержанова А.М., Аширбекова Л.Ж., Корпыса Я. Анализ современного состояния развития социального предпринимательства в Казахстане // *Economy: strategy and practice*. 2024, no. 19(2), pp. 154–166.

REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respublikasynyñ Käsıpperlik, äleumettik käsıpperlik jäne mindetti äleumettik medisinalyq saqtandyru mäseleleri boıynşa Qazaqstan Respublikasynyñ Zańy 2021 jylǵy 24 mausymdaǵy No. 52-VII QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2100000052> (ötınısh berılgen kün: 10.05.2025) (In Kazakh).
- 2 Stoffers J., Gunawan A., Kleefstra A. (2018) Social Entrepreneurship, an International Perspective // *Open Journal of Social Sciences*. No. 6, pp. 10–24. (In English).
- 3 Dees J. The Meaning of «Social Entrepreneurship». URL: http://www.caseatduke.org/documents/dees_se.pdf (accessed: 10.05.2025) (In English).
- 4 Saebi T., Foss N.J., Linder S. (2019) Social Entrepreneurship Research: Past Achievements and Future Promises // *Journal of Management*. No. 45, pp. 70–95. (In English).
- 5 Kruse P. (2020) Can There Only Be One? An Empirical Comparison of Four Models on Social Entrepreneurial Intention Formation // *International Entrepreneurship and Management Journal*. No. 16, pp. 641–665. (In English).
- 6 Organizacii Ob#edinjonnyh Nacij. Celi ustojchivogo razvitija. URL: <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/sustainable-development-goals/>. (data obrashhenija: 11.05.2025) (In Russian).
- 7 Stukalo N., Simakhova A., Shmarlouskaya H. (2019) Special features of formation of the source base for economic socialization // *Problems and Perspectives in Management*. No. 17(3), pp. 271–279. (In English).
- 8 Hazenberg R. (2021) The Role of Social Enterprise in Developing Skills and Creating Employment Opportunities in the UK // *State of the Art Review*. No. 50. URL: <https://www.enterpriseresearch.ac.uk/wp-content/uploads/2021/04/No50-The-role-of-social-enterprise-in-developing-skills-and-creating-employment-opportunities-in-the-UK-R.-Hazenberg.pdf> (accessed: 11.05.2025) (In English).
- 9 Wang A., Cheok M.Y. (2023) A Literature Review of Social Entrepreneurship // *Open Journal of Business and Management*. P. 2232–2246. (In English).
- 10 Huda M., Qodriah S.L., Rismayadi B., Hananto A., Kardiyati E.N., Ruskam A., Nasir B.M. (2019) Towards Cooperative with Competitive Alliance: Insights into Performance Value in Social Entrepreneurship. In N. Iyigun (Ed.), *Creating Business Value and Competitive Advantage with Social Entrepreneurship*. P. 294–317. (In English).
- 11 Cherrier H., Goswami P., Ray S. (2018) Social Entrepreneurship: Creating Value in the Context of Institutional Complexity // *Journal of Business Research*. No. 86, pp. 245–258. (In English).
- 12 Dickel P., Eckardt G. (2020) Who Wants to Be a Social Entrepreneur? The Role of Gender and Sustainability Orientation // *Journal of Small Business Management*. No. 59(1), pp. 196–218. (In English).
- 13 Xu Z., Liu Z., Wu J. (2022) Buddhist Entrepreneurs, Charitable Behaviors, and Social Entrepreneurship // Evidence from China. *Small Business Economics*. No. 59, pp. 1197–1217. (In English).

14 Koehne F., Woodward R., Honig B. (2022) The Potentials and Perils of Prosocial Power: Transnational Social Entrepreneurship Dynamics in Vulnerable Social Spaces // Journal of Business Venturing. No. 37. URL: <https://doi.org/10.1016/j.jbusvent.2022.106206> (In English).

15 Qazaqstan Respublikasy strategialyq josparlau jáne reformalar agenttǵı ulttyq statistika býrosy. 2024. URL: <https://stat.gov.kz/publication/collections/?year=&name=102320&period=year> (ötınısh berilgen kún: 13.05.2025) (In Kazakh).

16 Gafarova D.A. (2016) Social'noe predprinimatel'stvo kak instrument obespecheniya zanjatosti passivnoj chasti trudovogo potentsiala // Vestnik Sibirskogo gosudarstvennogo industrial'nogo universiteta. No. 1(15). P. 59–64. (In Russian).

17 Bepalyj S.V. (2021) Razvitie social'nogo predprinimatel'stva v Kazahstane: analiz i faktory // Central Asian Economic Review. No. 5, pp. 44–53. URL: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2021-5-44-53> (In Russian).

18 Prikaz Ministra nacional'noj jekonomiki Respubliki Kazahstan ot 8 oktyabrja 2023 goda No. 219 «O vnesenii izmenenij v prikaz Ministra nacional'noj jekonomiki Respubliki Kazahstan ot 1 fevralja 2023 goda No. 40 «Ob utverzhdenii reestra sub#ektov social'nogo predprinimatel'stva» (data obrashhenija: 13.05.2025) (In Russian).

19 GEM 2024/2025 Global Report: Entrepreneurship Reality Check. URL: <https://gemconsortium.org/report/gem-20242025-global-report-entrepreneurship-reality-check-4> (accessed: 13.05.2025) (In English).

20 Okutaeva S.T. (2023) Osobennosti razvitija social'nogo predprinimatel'stva v Kazahstane // Vestnik universiteta «Turan». No. 3. P. 37–47. (In Russian).

21 Erzhanova A.M., Ashirbekova L.Zh., Korpysa Ja. (2024) Analiz sovremennogo sostojaniya razvitija social'nogo predprinimatel'stva v Kazahstane // Economy: strategy and practice. No. 19(2), pp. 154–166. (In Russian).

АБДИЛЬДИНОВА Н.Е.,*¹

PhD, ассистент-профессор.

*e-mail: nailya_abdildinova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6486-3281

АЙДАРХАНОВА Б.Б.,²

к.э.н., ассистент-профессор.

e-mail: aidarkhanova.bb@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-8140-7475

ШМАРЛОВСКАЯ Г.А.,³

д.э.н., профессор.

e-mail: galina.shmarlovskaya@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-9534-1251

МУКАНОВА М.А.,⁴

докторант.

e-mail: mukanova456@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-3347-1744

¹Казахский университет технологии и бизнеса им. К. Кулажанова,

г. Астана, Казахстан

²Astana IT университет,

г. Астана, Казахстан

³Белорусский государственный экономический университет,

г. Минск, Беларусь

⁴Esil University,

г. Астана, Казахстан

СОЦИАЛЬНОЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО В КАЗАХСТАНЕ: НАПРАВЛЕНИЯ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПОЛИТИКИ ЗАНЯТОСТИ

Аннотация

Данная статья посвящена вопросам совершенствования эффективности политики занятости населения посредством развития социального предпринимательства в Казахстане. Описывается динамика занятости и

безработицы на рынке труда, раскрывается текущее состояние социального предпринимательства и его влияние на занятость в содержательном плане. В исследовании показаны сферы деятельности субъектов социального предпринимательства и их региональное размещение. Кроме того, выполнен сравнительный обзор тенденций развития социального предпринимательства в Казахстане с международной практикой; выявлены пробелы в механизмах государственного регулирования, финансовой поддержки, налогового стимулирования и цифровых инструментов. В качестве эмпирической базы использованы социальные проекты, региональные программы и открытые официальные данные за 2023–2025 гг. Исследование демонстрирует связь социального предпринимательства с рынком труда по трем каналам: создание новых рабочих мест, расширение инклюзии посредством привлечения людей с инвалидностью и иных уязвимых групп, повышение устойчивости рабочих мест. По результатам предложены меры по усилению занятости: условное субсидирование заработной платы при условии сохранения рабочего места; аналитическая панель на основе открытых данных реестра субъектов социального предпринимательства и ее интеграция с eGov и информационными системами рынка труда; региональные центры социальных инноваций по принципу «одного окна»; обучающие ваучеры и дуальные наставнические программы. Рекомендации нацелены на увеличение занятости, облегчение входа уязвимых групп на рынок труда и укрепление устойчивости рабочих мест. Полученные результаты позволяют усилить опору политики на данные и эффективны на национальном уровне.

Ключевые слова: социальное предпринимательство, рынок труда, рабочая сила, занятость, уровень безработицы, предпринимательская экосистема, государственное регулирование, финансовая поддержка.

ABDILDINOVA N.E.,^{*1}

PhD, assistant-professor.

*e-mail: nailya_abdildinova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6486-3281

AIDARKHANOVA B.B.,²

c.e.s., assistant-professor.

e-mail: aidarkhanova.bb@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-8140-7475

SHMARLOVSKAYA G.A.,³

d.e.s., professor.

e-mail: galina.shmarlovskaya@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-9534-1251

MUKANOVA M.A.,⁴

PhD student.

e-mail: mukanova456@gmail.com

ORCID: 0000-0002-3347-1744

¹Kazakh University of Technology
and Business named after K. Kulazhanov,

Astana, Kazakhstan

²Astana IT University,

Astana, Kazakhstan

³Belarus State Economic University,

Minsk, Belarus

⁴Esil University,

Astana, Kazakhstan

SOCIAL ENTREPRENEURSHIP IN KAZAKHSTAN: DIRECTIONS FOR IMPROVING EMPLOYMENT POLICY

Abstract

This article examines ways to improve the effectiveness of employment policy by developing social entrepreneurship in Kazakhstan. It describes the dynamics of employment and unemployment in the labor market and, in substantive terms, sets out the current state of social entrepreneurship and its impact on employment. The study outlines the areas of activity of social entrepreneurship entities and their regional distribution. It also provides a comparative review of development trends in Kazakhstan against international practice and identifies gaps in regulatory, financial, tax-incentive and digital support mechanisms. In addition, a comparative review of the trends

in the development of social entrepreneurship in Kazakhstan and international practice has been conducted; gaps have been identified in mechanisms of state regulation, financial support, tax incentives, and digital tools. As the empirical basis, the analysis uses social projects, regional programs and open official data for 2023–2025. The study demonstrates the link between social entrepreneurship and the labor market through three channels: creating new jobs, expanding inclusion by engaging persons with disabilities and other vulnerable groups; and strengthening job stability. Based on the results, measures to enhance employment are proposed: conditional wage subsidies tied to job retention; an analytical dashboard built on open data from the social enterprise registry and its integration with eGov and labor market information systems; regional «one-stop» social-innovation centers; and training vouchers with dual-mentorship programs. The recommendations aim to increase employment, facilitate the entry of vulnerable groups into the labor market and improve job stability. The findings enable more data-driven policymaking and are effective at the national level.

Keywords: social entrepreneurship, labor market, labor force, employment, unemployment rate, entrepreneurial ecosystem, government regulation, financial support.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 01.07.2025